HDMI бір уақытта бейне және дыбыс сигналдарын тасымалдайды және айқынырақ сурет береді. Сондай-ақ, бұл құрылғы теледидар дыбысын HDMI кабелі арқылы Soundbar жүйесінен тыңдауға мүмкіндік беретін ARC функциясымен жабдықталған. Бұл функцияны өнім тек ARC үйлесімді теледидарға жалғанғанда қолдануға болады.

SURROUND SOUND (КӨЛЕМДІ ДЫБЫС)

SURROUND SOUND (КӨЛЕМДІ ДЫБЫС) мүмкіндігі тыңдауға тереңдік пен көлемділікті қосады.

Сымсыз сабвуфер

Негізгі құрылғыға сабвуферді қосу үшін қосымша сымсыз Samsung модулі қажет емес.
Оның орнына, сабвуфер негізгі құрылғымен байланысатын шағын сымсыз модульге жалғанады.

Special Sound Effects (Арнайы дыбыстық әсерлер)

Тыңдағыңыз келетін мазмұн түріне байланысты әр түрлі дыбыстық әсерлерді таңдауға болады - STANDARD (СТАНДАРТТЫ) (бастапқы дыбыс)/MUSIC (МУЗЫКА) / VOICE (ДАУЫС) / SPORTS (СПОРТ) / CINEMA (КИНОТЕАТР) / NIGHT MODE (ТҮНГІ РЕЖИМ).

Көп функциялы қашықтан басқару құралы

Жинақпен берілген қашықтан басқару құралын түймені жай ғана басу арқылы әр түрлі операцияларды басқару үшін пайдалануға болады.

USB Host қолдауы

Soundbar's USB HOST функциясы арқылы MP3 ойнатқыш, USB флеш-жады, т.б. сыртқы USB сақтау құрылғыларын жалғап, музыка файлдарын ойнатуға болады.

Bluetooth функциясы

Жоғары сапалы стерео дыбыспен музыканы сымсыз тыңдау үшін Bluetooth құрылғысын Soundbar жүйесіне қосуға болады!

Samsung Audio Remote қолданбасын пайдалану

Өнімді Samsung Audio Remote қолданбасы арқылы смарт құрылғымен басқару үшін Samsung Audio Remote қолданбасын Google Play дүкенінен жүктеңіз.

ЛИЦЕНЗИЯ



Dolby Laboratories лицензиясы бойынша жасалған. "Dolby" және қос D таңбасы Dolby Laboratories компаниясының сауда белгілері болып табылады.



DTS патенттері үшін http://patents.dts.com сайтын қараңыз. DTS Licensing Limited лицензиясына сәйкес өндірілген. DTS, Таңба, сондай-ақ, DTS пен Таңба бірге — тіркелген сауда белгілері және DTS 2.0 Channel — DTS, Inc компаниясының сауда белгісі. © DTS, Inc. Барлық құқықтары қорғалған.

HDMI


HDMI мен HDMI High-Defi nition Multimedia Interface және HDMI логотипі HDMI Licensing LLC компаниясының АҚШ-тағы және басқа елдердегі сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері болып табылады.


KAZ

ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

ҚАУІПСІЗДІК ЕСКЕРТУЛЕРІ

ТОК СОҒУ ҚАУПІН АЗАЙТУ ҮШІН, ҚАҚПАҒЫН (НЕМЕСЕ АРТҚЫ ПАНЕЛІН) АШПАҢЫЗ.
ІШІНДЕ ПАЙДАЛАНУШЫ ЖӨНДЕЙТІН БӨЛШЕКТЕР ЖОҚ. БІЛІКТІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУШІ МАМАНҒА ЖӨНДЕТІҢІЗ.

  ЕСКЕРТУ ТОК СОҒУ ҚАУПІ АШПАҢЫЗ 		Бұл белгі өнімде ток соғу немесе жарақат алу қаупін тудыратын "жоғары кернеудің" барын білдіреді.
		Бұл белгі өнім құжаттарында маңызды нұсқаулардың барын білдіреді.

	Белгі Кедендік одақтың 005/2011 техникалық регламентіне сәйкес қолданылады және осы өнімнің қаптамасын екінші рет пайдалануға арналмағанын және жоюға жататынын көрсетеді. Осы өнімнің қаптамасын азық-түлік өнімдерін сақтау үшін пайдалануға тыйым салынады.
	Белгі қаптаманы жою мүмкіндігін көрсетеді. Белгі сандық код және/немесе әріп белгілері түріндегі қаптама материалының белгісімен толықтырылуы мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ : Өрт шығуын немесе ток соғуын болдырмау үшін, құрылғыны жаңбырда қалдырмаңыз немесе ішіне ылғалдың кіруіне жол бермеңіз.


ЕСКЕРТУ : ТОК СОҒУЫН БОЛДЫРМАУ ҮШІН, КЕҢ ШТЕПСЕЛЬДІ ҰШТЫ КЕҢ ҰЯҒА КЕЛТІРІП, ТОЛЫҚ ЕНГІЗІҢІЗ.

- Бұл өнім әрқашан жерге қосылған ауыспалы ток розеткасына қосылуы тиіс.
- Аппаратты ток көзінен ажырату үшін, штепсельдік ұшты розеткадан суырып алу керек, сондықтан розетка ыңғайлы жерде орналасуы тиіс.


ЕСКЕРТУ

- Бұл құрылғыға еш нәрсе тамбауы немесе шашырамауы тиіс. Өнімге ваза сияқты сұйықтық құйылған бұйымдарды қоймаңыз.
- Құрылғыны толығымен өшіру үшін қуат ашасын розеткадан суыру керек. Сондықтан, қуат ашасына әрқашан қол жеткізу оңай болуы тиіс.


САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ



Үйіңіздегі айнымалы ток көзі өнімнің артында орналасқан идентификациялық жапсырмада көрсетілгенге сай екеніне көз жеткізіңіз. Өнімді ыңғайлы жерге (жиһаздың үстіне), айналасында желдетуге жеткілікті бос орын 7-10 см қалдырып, көлденең қойыңыз. Желдеткіш ұялардың жабылып қалмауын қадағалаңыз. Ойнатқышты күшейткіштердің немесе басқа ысып кететін жабдықтың үстіне қоймаңыз. Бұл өнім ұзақ пайдалануға арналған. Құрылғыны толығымен өшіру үшін айнымалы ток штепсельдік ұшын розеткадан суырып алыңыз. Ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, құрылғыны ажыратыңыз.




Найзағайлы дауыл болғанда айнымалы ток штепсельдік ұшын розеткадан суырыңыз. Найзағайдан кернеудің барынша күрт жоғарылауы құрылғыны зақымдауы мүмкін.




Құрылғыға күн сәулесін немесе басқа жылу көздерін түсірмеңіз.

Бұл құрылғының шамадан тыс қызуына және дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін.



Өнімді ылғалдан (мысалы, құмыралардан), шамадан тыс жылудан (мысалы, камин) және күшті магниттік немесе электр өрістерін тудыратын жабдықтардан қорғаңыз. Өнім жұмысында ақаулық пайда болса, қуат кабелін айнымалы ток көзінен ажыратыңыз. Өнім өндірістік мақсатта пайдалануға арналмаған. Бұл өнім тек жеке пайдалануға арналған.

Өнім суық жерде сақталған болса, конденсация орын алуы мүмкін. Егер құрылғы қыста тасымалданған болса, пайдалану алдында ол бөлме температурасына жеткенше шамамен 2 сағат күтіңіз.



Осы өнімде пайдаланылатын батареяларда қоршаған ортаға зиянды химикаттар бар. Батареяларды жалпы тұрмыстық қоқысқа лақтырмаңыз. Батареяларға (батареялар жинағы немесе орнатылған батареялар) күн шуағы, от немесе сол сияқтылар әсер етпеуі керек екені туралы ескерту. Батареяларды қысқа тұйықтамаңыз, бөлшектемеңіз немесе артық қыздырмаңыз. Батарея дұрыс емес ауыстырылса, жарылыс қаупі бар. Тек сондай немесе балама түрімен ауыстырыңыз.

МАЗМҰНЫ

- Осы пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер мен кескіндер тек анықтама ретінде берілген және өнімнің нақты түрі өзгеше болуы мүмкін.
- Төмендегі жағдайдың бірінде әкімшілік ақы алынуы мүмкін:
  (a) инженер өтініш бойынша шақырылса, бірақ өнімде ешқандай ақау болмаса (яғни, осы пайдаланушы нұсқаулығын оқымағансыз).
  (b) құрылғыны жөндеу орталығына апарсаңыз, бірақ өнімде ешқандай ақау болмаса (яғни, осы пайдаланушы нұсқаулығын оқымағансыз).
- Мұндай әкімшілік ақының көлемі қандай да бір жұмыс орындалмастан немесе үйге бармастан бұрын хабарланады.

ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫНДЫҚ

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫН ОҚЫМАСТАН БҰРЫН

Пайдаланушы нұсқаулығын оқымастан бұрын келесі терминдерді қарап алыңыз.

► Осы нұсқаулықта пайдаланылған белгішелер

Белгіше	Термин	Анықтамасы
	Ескерту	Қызметтің істемейтінін немесе параметрлердің күші жойылуы мүмкін екенін білдіреді.
	Ескертпе	Беттегі әрбір функцияны іске асыруға көмектесетін кеңестер мен нұсқауларды білдіреді.

► Қауіпсіздік нұсқаулары мен ақаулықтарды жою


1) Осы өнімді қолданбас бұрын міндетті түрде қауіпсіздік нұсқауларымен танысып шығыңыз. (3-бетті қараңыз)

2) Қиындықтар туындаған жағдайда Ақаулықтарды жою бөлімін қараңыз. (24-бетті қараңыз)

► Авторлық құқық

ҚҰРАМЫ

Төмендегі жинақпен берілген қосалқы құралдардың бар-жоғын тексеріңіз.



Қашықтан басқару құралы / Литийлі батарея (3 В : CR2032)

Пайдаланушы Нұсқаулығы / Қысқаша Нұсқаулық

(Сол жақ қабырға ұстағышы: 1EA)

(Оң жақ қабырға ұстағышы: 1EA)

Қабырға Кронштейні

Қабырға Ұстағышының Бағыттағышы

(1-ұстағыш бұранда: 2EA)

(2-ұстағыш бұранда: 2EA)

Ұстағыш Бұранда

Қуат сымы: 2EA

Тұрақты ток адаптері

Оптикалық кабель

USB Кабелі



- Құрал-жабдықтардың сыртқы түрі жоғарыдағы суреттерден кішкене өзгеше болуы мүмкін.
- Сыртқы USB құрылғыларын өнімге жалғау үшін берілген USB кабелін пайдаланыңыз.

СИПАТТАМАЛАРЫ

ЖОҒАРҒЫ/АЛДЫҢҒЫ ПАНЕЛЬ

VOL -/+

Дыбыс деңгейін реттейді.

Дыбыс деңгейінің сандық мәні алдыңғы панель дисплейінде көрінеді.

(Қуат) Түймесі

Қуатты қосады және өшіреді.

Дисплей

Ағымдағы режимді көрсетеді.

- Өнімнен немесе қашықтан басқару құралынан 25 секунд бойы кіріс болмаса, дисплей автоматты түрде күңгірттеледі.

(SOURCE) (КӨЗ) түймесі

D.IN, AUX, HDMI, BT, TV, USB кірісін таңдайды.

- Құрылғының қуаты қосылып тұрғанда, ( ) түймесін 3 секундтан көбірек басу түймені MUTE түймесі ретінде орнатады. MUTE түймесі орнатымын болдырмау үшін ( ) түймесін қайтадан 3 секундтан көбірек басыңыз.



- Құрылғының қуатын қосқан кезде ол дыбыс шығарғанша 4-5 секундтай кідіріс болады.
- Егер дыбыстың тек Soundbar құрылғысынан шыққанын қаласаңыз, теледидардың Audio Setup (Дыбысты орнату) мәзірінен теледидар динамиктерін өшіріп тастауыңыз керек. Теледидармен бірге берілетін пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

АРТҚЫ ПАНЕЛЬ

HDMI IN

HDMI кабелінің көмегімен сандық бейне мен дыбыс сигналдарын бір уақытта қабылдайды.
Қолдау көрсетілетін сыртқы құрылғыны жалғаған кезінде пайдаланыңыз.

AUX IN

Сыртқы құрылғының аналогтық шығыс ұясына жалғанады.

(USB Порты)

Мұнда құрылғылардағы файлдарды ойнату үшін MP3 ойнатқыштары сияқты USB құрылғыларын қосыңыз.

DC 24V (Қуаттың Кіріс Көзі)

Тұрақты ток адаптерін қуат көзі ұясына жалғап, айнымалы ток адаптерінің штепсельдік ұшын розеткаға қосыңыз.

OPTICAL IN

Сыртқы құрылғының сандық (оптикалық) шығысына қосады.

HDMI OUT (TV)

HDMI кабелінің көмегімен сандық бейне және дыбыс сигналдарын бір уақытта шығарады.



- Айнымалы ток адаптерінің қуат кабелін розеткадан суырып алған кезде штепсельдік ұшты ұстап тұрыңыз. Кабельден тартпаңыз.
- Бөлшектер арасындағы байланыс толығымен орнағанша, құрылғыны немесе оның бөлшектерін ауыспалы ток розеткасына жалғамаңыз.

ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫ

ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫНДАҒЫ ТҮЙМЕЛЕР МЕН ФУНКЦИЯЛАР

SOURCE
VOL
SOUND EFFECT
SOUND
SOUND CONTROL
Bluetooth POWER
WOOFER
AUTO POWER
SAMSUNG

SOURCE

Soundbar жүйесіне қосылған дыбыс көзін таңдау үшін басыңыз.

MUTE

Түймені басу арқылы дыбыс деңгейін 0-ге апаруға болады.
Дыбысты алдыңғы деңгейде қосу үшін қайтадан басыңыз.

REPEAT

USB құрылғысынан әуенді ойнату кезінде REPEAT функциясын орнатуға болады.

OFF-REPEAT : Қайта ойнатуды тоқтатады.
TRACK-REPEAT : Жолды қайталап ойнату.
ALL-REPEAT : Барлық жолдарды қайталап ойнату.
RANDOM-REPEAT : Жолдар кез келген ретпен ойнатылады. (Ойнатылған жол қайта ойнатылуы мүмкін.)

Алға қарай өту

Ойнатылып жатқан құрылғыда екі немесе одан көп файл болса және ▶▶I түймесі басылса, келесі файл таңдалады.

SOUND CONTROL (ДЫБЫСТЫ БАСҚАРУ) (*Деңгейді реттеу үшін I◀◀,▶▶I түймелерін пайдаланыңыз.)

TREBLE (ЖОҒАРЫ ЖИІЛІКТЕР), **BASS** (БАСС) немесе **AUDIO SYNC** (АУДИОНЫ СИНХРОНДАУ) параметрін таңдау үшін басыңыз. Содан кейін Treble (Жоғары жиіліктер), Bass (Бас) дыбыс деңгейін -6 және +6 арасында реттеу үшін I◀◀,▶▶I түймелерін пайдаланыңыз.

Егер Soundbar сандық теледидарға қосылған болса және бейне аудиомен синхрондалмаған болса, аудионы бейнемен синхрондау үшін **SOUND CONTROL** (ДЫБЫСТЫ БАСҚАРУ) түймесін басыңыз. 0 мс және 300 мс арасындағы аудио кідірісін орнату үшін I◀◀,▶▶I түймелерін пайдаланыңыз. USB режимінде, TV режимінде және BT режимінде Audio Sync (Аудионы синхрондау) функциясы жұмыс істемеуі мүмкін.

Әр жиіліктер диапазонының дыбысын реттеу үшін **SOUND CONTROL** (ДЫБЫСТЫ БАСҚАРУ) түймесін шамамен 5 секунд бойы басып тұрыңыз. 150 Гц, 300 Гц, 600 Гц, 1,2 КГц, 2,5 КГц, 5 КГц және 10 КГц мәндерін таңдауға және әрқайсысын -6 және +6 арасындағы параметрге реттеуге болады.

AUTO POWER (АВТО ҚУАТ)

Auto Power Link (Авто қуат байланысы): Soundbar жүйесін қосылған оптикалық көзбен оптикалық ұяшық арқылы синхрондайды, осылайша ол теледидарды қосқанда автоматты түрде қосылады. (Auto Power Link (Авто қуат байланысы): Default OFF (Әдепкі ӨШІРУЛІ), ON-Anynet+ (ҚОСУЛЫ-Anynet+) / OFF-POWER LINK (ӨШІРУЛІ-POWER LINK) немесе OFF-Anynet+ (ӨШІРУЛІ-Anynet+) / ON-POWER LINK (ҚОСУЛЫ-POWER LINK)). Anynet+ функциясы сізге Soundbar жүйесін Anynet+ үйлесімді Samsung теледидарының қашықтан басқару құралымен басқаруға мүмкіндік береді.

Soundbar теледидарға HDMI кабелі арқылы қосу керек.

* Anynet+: Anynet+ функциясын қосу немесе өшіру үшін **AUTO POWER** (АВТО ҚУАТ) түймесін басыңыз.

WOOFER (ВУФЕР) (*Дыбыс деңгейін реттеу үшін I◀◀,▶▶I түймесін пайдаланыңыз)

Сіз вуфердің дыбыс деңгейін басқара аласыз.
Сабвуфердің дыбыс деңгейін көбейту немесе азайту үшін I◀◀,▶▶I түймесін басыңыз.
Бағдарламалық құралды таңдай аласыз (-12, -6,-5,-4,-3,-2,-1,0,+1,+2,+3,+4,+5,+6).



- Soundbar — Samsung компаниясы өнімінің фирмалық атауы.
- Теледидарды өзінің қашықтан басқару құралымен басқарыңыз.

POWER

Қуатты қосады және өшіреді.

VOLUME

Құралдың дыбыс деңгейін реттейді.

Ойнату/Кідірту

Файлды ойнатуды уақытша кідірту үшін, ►II түймесін басыңыз.
Таңдалған файлды ойнату үшін, ►II түймесін қайтадан басыңыз.

Артқа Өту

Ойнатылып жатқан құрылғыда бірнеше файл болса және I◄◄ түймесі басылса, алдыңғы файл таңдалады.

SOUND EFFECT

Тыңдағыңыз келетін көздердің түріне байланысты әр түрлі дыбыс режимдерін таңдай аласыз: **STANDARD** (СТАНДАРТТЫ), **MUSIC** (МУЗЫКА), **VOICE** (ДАУЫС), **SPORTS** (СПОРТ), **CINEMA** (КИНОТЕАТР) және **NIGHT MODE** (ТҮНГІ РЕЖИМ).

Қашықтан басқару құралындағы **SOUND EFFECT** түймесін басыңыз.
Бастапқы дыбыспен тыңдау үшін **STANDARD** режимін таңдаңыз.

* Night Mode (Түнгі режим)
Дыбыс деңгейін арнаны өзгерткен немесе көрініс ауысқан кезде туындайтын шұғыл дыбыс өзгерісіне сәйкес реттейді және тұрақтандырады.

Bluetooth POWER

Bluetooth POWER on функциясын қосу және өшіру үшін қашықтан басқару құралындағы **Bluetooth POWER** түймесін басыңыз.
Мәліметтерді 19 және 21-беттерден қараңыз.

SOUND


Дыбысқа тереңдік пен көлем қосу үшін қашықтан басқару құралындағы **SOUND** түймесін басыңыз.

Қашықтан басқару құралындағы **SOUND** түймесін басыңыз.

Түйме басылғанда таңдау төмендегідей өзгереді:
ON-SURROUND SOUND → OFF-SURROUND SOUND

\

► Қашықтан Басқару Құралына Батареяларды Салу



1. Қашықтан басқару құралының батарея қақпағын жоғарыдағы суретте көрсетілгендей шығарып алу үшін сағат тілінің бағытына қарсы сәйкес келетін тиынмен бұраңыз.
2. 3 В литий батареясын салыңыз. Батареяны салу кезінде оң (+) полюсті жоғары қаратыңыз. Батарея қақпағын салып, жоғарыдағы суретте көрсетілгендей '●' белгілерін бір-біріне тураланыз.
3. Қашықтан басқару құралының батарея қақпағын орнына бекіту мақсатында сағат тілінің бағытына қарсы барынша бұрау үшін сәйкес келетін тиынды пайдаланыңыз.


БАЙЛАНЫСТАР

ҚАБЫРҒА КРОНШТЕЙНІН ОРНАТУ


Осы құрылғыны қабырға кронштейннің көмегімен қабырғаға ілуіңізге болады.


► Орнатудың сақтық шаралары

- Тек тік қабырғаға орнатыңыз.
- Орнату үшін температурасы немесе ылғалдылығы жоғары жерде, не болмаса құрылғы салмағын көтере алмайтын қабырғаға орнатпаңыз.
- Егер қабырға құрылғыны ұстап тұру үшін жеткілікті күшті болмаса. Қабырғаны қатайтыңыз немесе құрылғыны салмағын ұстап тұра алатын басқа қабырғаға орнатыңыз.
- Сіздегі қабырғаның түріне (гипсокартон, темір тақта, ағаш, т.б.) жарайтын бекіту бұрандаларын немесе анкер болттарын сатып алып, пайдаланыңыз.
  Мүмкін болса, бұрандаларды қабырға шегелеріне бекітіңіз.
- Қабырғаға орнату бұрандаларын Soundbar жүйесі орнатылатын қабырғаның түрі мен қалыңдығына сай сатып алыңыз.
  - Диаметрі: M5
  - Ұзындығы: L 35 мм немесе одан үлкенірегі ұсынылады
- Құрылғыны қабырғаға орнатпас бұрын оның кабельдерін сыртқы құрылғыға жалғаңыз.
- Орнатпас бұрын құрылғының сөніп және ажыратылып тұрғанын тексеріңіз. Әйтпесе, ток соғуы мүмкін.




1. Орнату бағыттағышын қабырғаға жанастырып орналастырыңыз.
   - Орнату бағыттағышы тегіс болуы керек.
   - Теледидар қабырғаға орнатылса, теледидардан кемінде 5 см төмен орналастырыңыз.
2. Қабырғадағы бұрандалар өтетін жерді қаламмен белгілеп, орнату бағыттағышын алыңыз.
3. Қабырға ұстағыштары мен бұрандаларды белгіленген жерлерге бекітіңіз.
   - Сол және оң жақ ұстағыштардың пішіндері әртүрлі болады.





4. Екі ұстағыш бұранданы Soundbar жүйесінің негізгі корпусының артындағы сол және оң жақтағы бұранда тесіктеріне бекітіңіз.




[Soundbar жүйесін қабырғаға орнату]

5. USB кабелін Soundbar жүйесінің артына оны қабырғаға орнатпастан бұрын кіргізіңіз.
6. Soundbar жүйесінің артындағы ұстағыш бұрандаларды қабырға ұстағышындағы ойықтарға орнатыңыз. Қауіпсіз орнату үшін, ұстағыш бұрандаларды ойықтың бойымен төмен қарай соңына дейін басыңыз.

ҚАБЫРҒА ҰСТАҒЫШЫН АЖЫРАТЫП АЛУ


1. Soundbar жүйесін қабырға ұстағышынан ажыратып алу үшін, оны суретте көрсетілгендей етіп жоғары қарай көтеріңіз.





- Орнатылған құрылғының үстіне еш нәрсе ілмеңіз және оның соғылмауын немесе түсіп қалмауын қадағалаңыз.
- Құрылғыны қабырғаға құламайтындай етіп мықтап бекітіңіз. Егер құрылғы құлап қалса, ол жарақатқа немесе өнімнің бұзылуына себеп болуы мүмкін.
- Құрал қабырғаға орнатылып болған соң, баланың жалғанған кабельдерді тартпауын қадағалаңыз, бұл құрылғының құлап кету қаупін тудырады.
- Қабырға ұстағышы оңтайлы қызмет атқаруы үшін, теледидар қабырғаға орнатылған болса, динамик жүйесін теледидардан 5 см төмен орнатыңыз.
- Өнімді қабырғаға бекітпесеңіз, қауіпсіздік мақсатында оны құламайтын қауіпсіз әрі тегіс бетке қойыңыз.


КРОНШТЕЙНДІ ҚАБЫРҒА ҰСТАҒЫШЫН ОРНАТУ НҰСҚАУЛЫҒЫНА ҚАРАМАЙ ОРНАТУ





1. "Сол жақ қабырға ұстағышы" жоғарыда көрсетілгендей еденге параллель етіп керекті қабырға бетіне орналастырыңыз да, оның оң жақ шетіндегі тесігінен бұрандамен бекітіңіз.
2. "Оң жақ қабырға ұстағышы" жоғарыда көрсетілгендей еденге параллель етіп керекті қабырға бетіне орналастырыңыз да, оның сол жақ шетіндегі тесігінен бұрандамен бекітіңіз.
   - Егер сол/оң жақ қабырға ұстағышы теледидардың астына орнатылуы тиіс болса, 1 және 2-қадамдардағы бекіту тесіктері теледидардың астыңғы жағының ортасына дұрыс туралануы үшін олардың орындарын тексеріңіз.
3. Қалған тесіктерден бұрандаларды бекітіңіз.

СЫМСЫЗ САБВУФЕРГЕ ҚОСЫЛУ

Сабвуфердің байланыс идентификаторы (ID) зауытта алдын ала орнатылады, сондықтан негізгі құрылғы мен сабвуферді қосқан кезде олар автоматты түрде (сымсыз қосу) байланысуы керек. Егер негізгі құрылғы мен сабвуферді қосылған кезде Link ( ) көрсеткіші жанбаса, идентификаторды төмендегі процесті орындау арқылы орнатыңыз.







1. Негізгі құрылғы және сабвуфердің қуат сымдарын айнымалы ток розеткасына қосыңыз.
2. Сабвуфердің артқы жағында орналасқан **ID SET** түймесін шағын өткір затпен 5 секунд басып тұрыңыз.
   - STANDBY (Күту режимі) көрсеткіші өшірулі болады, ал LINK (Байланыс) көрсеткіші (Көк ЖШД) тез жыпылықтайды.
3. Негізгі құрылғы өшіп тұрған кезде (STANDBY (Күту) режимінде тұрғанда) қашықтан басқару құралындағы **MUTE** ( ) түймесін 5 секунд басып тұрыңыз.
4. **ID SET** хабары Soundbar дисплейінде пайда болады.
5. Байланысты аяқтау үшін, сабвуфердегі Көк ЖШД жыпылықтап тұрғанда негізгі құрылғының қуатын қосыңыз.
   - Енді негізгі құрылғы мен сабвуфер байланысуы (қосылуы) тиіс.
   - Сабвуфердегі Link (Байланыс) көрсеткіші (Көк ЖШД) қосулы болуы тиіс.
   - LINK (Байланыс) көрсеткіші үздіксіз көк болып жанбаса, байланыстыру процесінің орындалмағаны. Негізгі құрылғыны өшіріп, 2-қадамнан қайта бастаңыз.
   - Дыбыс әсерін таңдау арқылы сымсыз сабвуферден дыбысты жақсырақ естуге болады. (10-бетті қараңыз)



- Өнімді жылжытпас немесе орнатпас бұрын, қуаттың және қуат сымының ажыратылғанын тексеріңіз.
- Егер негізгі құрылғы өшірілсе, сымсыз сабвуфер күту режимінде болады және Link (Байланыс) көрсеткіші (Көк ЖШД) 30 секунд жыпылықтағаннан кейін жоғарғы жақтағы STANDBY LED (Күту ЖШД) қосылады.
- Егер Soundbar жүйесінің жанында Soundbar жүйесімен бірдей жиілікті (2,4 ГГц) пайдаланатын құрылғы қолдансаңыз, кедергіден дыбыс біраз жоғалуы мүмкін.
- Негізгі құрылғы мен сабвуфердің арасындағы сымсыз сигналдардың жіберілу қашықтығы – шамамен 10 м, алайда жұмыс істеу ортасына байланысты басқаша болуы мүмкін. Егер негізгі құрылғы мен сымсыз сабвуфердің арасында темір бетонды немесе метал қабырға болса, сымсыз сигналдар темірден өте алмайтын болғандықтан жүйе мүлде жұмыс істемеуі мүмкін.
- Егер негізгі құрылғыда сымсыз байланыс орнатылмаса, негізгі құрылғы мен сымсыз сабвуфердің арасында байланысты қайта орнату үшін сол жақ бағандағы 1-5-ші қадамдарды орындаңыз.



- Сымсыз сигналдар қабылдайтын антенна сабвуфердің ішіне орнатылған. Құрылғыны судан және ылғалдан аулақ ұстаңыз.
- Оңтайлы түрде тыңдау үшін, сымсыз сабвуфердің айналасында кедергілердің жоқ екенін тексеріңіз.

СЫРТҚЫ ҚҰРЫЛҒЫНЫ HDMI КАБЕЛІН ПАЙДАЛАНЫП ҚОСУ

HDMI — теледидар, DVD ойнатқышы, Blu-ray ойнатқышы, теледидардың абоненттік қосымшасы, т.б. сияқты құрылғыларға жалғануға арналған стандартты сандық интерфейсі.

HDMI жоғары сапалы сандық сигналды тасымалдайтындықтан, жоғары деңгейдегі бейне мен дыбысты сандық көзде жасалған түпнұсқа сапасымен тамашалауға мүмкіндік береді.

HDMI IN

HDMI OUT (TV)

HDMI Кабелі
(жинақпен бірге берілмейді)

HDMI Кабелі
(жинақпен бірге берілмейді)

HDMI OUT

Сандық Құрылғылар

TV

HDMI IN

HDMI IN

Өнімнің **HDMI IN** ұясын HDMI кабелі (жинақпен бірге берілмейді) арқылы сандық құрылғылардың HDMI OUT ұясына жалғаңыз.

және

HDMI OUT (TV)

Өнімнің **HDMI OUT (TV)** ұясын HDMI кабелі (жинақпен бірге берілмейді) арқылы теледидардың HDMI IN ұясына жалғаңыз.



- HDMI – бейне және дыбыс деректерін тек бір қосқыш арқылы сандық түрде тасымалдауға мүмкіндік беретін интерфейс.

ARC (HDMI OUT)

ARC функциясы сандық дыбысты **HDMI OUT** (ARC) порты арқылы шығаруға мүмкіндік береді.

Оны Soundbar құралын ARC функциясын қолдайтын теледидарға жалғағанда ғана қосуға болады.



- Anynet+ қосылуы тиіс.
- HDMI кабелі ARC сигналын қолдамаса, бұл функцияны пайдалану мүмкін емес.

СЫРТҚЫ ҚҰРЫЛҒЫНЫ АУДИО (АНАЛОГТЫҚ) НЕМЕСЕ ОПТИКАЛЫҚ (САНДЫҚ) КАБЕЛЬДІ ПАЙДАЛАНЫП ҚОСУ

Осы құрылғыда теледидарға қосуға болатын екі әдісін беретін бір оптикалық кіріс сандық ұясы және бір аналогтық аудио кіріс ұясы бар.

AUX IN

OPTICAL IN

TV

AUDIO OUT

Дыбыс Кабелі (жинақпен бірге берілмейді)

Оптикалық Кабель (Жинаққа кіреді)

OPTICAL OUT

BD / DVD ойнатқыштары / Теледидар абоненттік қосымшасы / Ойын қосымшасы

AUX IN

Негізгі құрылғының **AUX IN** (Audio) кірісін теледидардың немесе Бастапқы құрылғының AUDIO OUT ұясына байланыстырыңыз.
Функцияны **AUX** етіп өзгертіңіз.

немесе,

OPTICAL IN

Негізгі құрылғының **OPTICAL IN** (Audio) ұясына теледидардың немесе бастапқы құрылғының OPTICAL OUT ұясын жалғаңыз.
Функцияны **D.IN** етіп өзгертіңіз.




- Өнімнің немесе теледидардың тоқ сымын бөлшектер арасындағы байланыс толығымен орнағанша қоспаңыз.
- Өнімді жылжыту немесе орнатпас бұрын, қуат көзінің өшірілгенін және қуат сымының ажыратылғанын тексеріңіз.


KAZ

ФУНКЦИЯЛАР

КІРІС РЕЖИМІ

Керекті режимді таңдау үшін, негізгі құрылғының үстіңгі панеліндегі ( ) түймесін немесе қашықтан басқару құралындағы (**SOURCE**) түймесін басыңыз.






Кіріс режимі	Дисплей
Оптикалық сандық кіріс	**D.IN**
AUX кірісі	**AUX**
HDMI кірісі	**HDMI**
BLUETOOTH режимі	**BT**
TV SoundConnect	**TV**
USB режимі	**USB**

Мынадай жағдайда құрылғы автоматты түрде өшеді:

- D.IN/HDMI/BT/TV/USB Режимі
  - 25 минут бойы дыбыстық сигнал болмаса.
- AUX Режимі
  - 25 минут бойы AUX кабелі қосылмаса.
  - Auto Power Down ON (Қуатты авто өшіруді ҚОСУ) режимінде (AUX кабелі қосылғанда 8 сағат бойы перне басылмаса).
  - Auto Power Down (Қуатты авто өшіру) функциясын ON (ҚОСУ) немесе OFF (ӨШІРУ) үшін ►II түймесін 5 секунд бойы басып тұрыңыз. OFF/ON-AUTO POWER DOWN (ӨШІРУ/ҚОСУ-ҚУАТТЫ АВТО ӨШІРУ) дисплейде көрсетіледі.

ARC (HDMI OUT)

ARC (Дыбысты қайтару арнасы) сандық дыбыс сигналын HDMI OUT (ARC) портына тасымалдайды.



HDMI Кабелі (жинақпен бірге берілмейді)

1. ARC функциясын қолдайтын теледидарды Soundbar жүйесіне HDMI кабелі арқылы жалғаңыз.
2. Теледидарды қосып, Soundbar жүйесінің Anynet+ функциясын қосыңыз.
3. **D.IN** режимін таңдау үшін, негізгі құрылғының үстіңгі панеліндегі ( ) түймесін немесе қашықтан басқару құралындағы (**SOURCE**) түймесін басыңыз.




- Егер HDMI кабелі ARC мүмкіндігін қолдамаса, ARC дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- ARC функциясын ажыратып, Anynet+ режимін сөндіріңіз.

BLUETOOTH

Жоғары сапалы стерео дыбыспен музыканы сымсыз тыңдау үшін Bluetooth құрылғысын Soundbar жүйесіне қосуға болады!

► Soundbar құралын Bluetooth құрылғысына қосу

Bluetooth құрылғысы Bluetooth-үйлесімді стерео құлақаспап функциясын қолдайтындығын тексеріңіз.



Bluetooth құрылғыларына

1. **BT** режимін таңдау үшін, негізгі құрылғының үстіңгі панеліндегі ( ) түймесін немесе қашықтан басқару құралындағы (**SOURCE**) түймесін басыңыз.
    - Soundbar жүйесінің алдыңғы дисплейінде **BT READY** хабарын көресіз.
2. Қосылу қажет Bluetooth құрылғысында Bluetooth мәзірін таңдаңыз. (Bluetooth құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз)
3. Bluetooth құрылғысында Stereo headset (Стерео құлақаспап) мәзірін таңдаңыз.
    - Сканерленген құрылғылар тізімін көресіз.
4. Тізімнен "**[Samsung] Soundbar J-Series**" тармағын таңдаңыз.
    - Soundbar жүйесі Bluetooth құрылғысына жалғанған кезде алдыңғы дисплейде [**Bluetooth құрылғы атауы**] → **BT** көрсетілуі мүмкін.
    - Құрылғы атауы ағылшынша ғана көрсетіледі. Атау ағылшын тілінде болмаса, асты сызылып көрсетіледі " _ ".
    - Егер Bluetooth құрылғысы Soundbar құралымен жұпталмаса, Bluetooth құрылғысы тапқан алдыңғы "**[Samsung] Soundbar J-Series**" құрылғысын жойыңыз да, Soundbar құралын қайтадан іздетіңіз.
5. Қосылған құрылғыда музыканы ойнатпаңыз.
    - Қосылған Bluetooth құрылғысында ойнап жатқан музыканы Soundbar жүйесінен тыңдай аласыз.
    - BT режимінде Play (Ойнату)/Pause (Кідірту)/ Next (Келесі)/Prev (Алдыңғы) функцияларын қолдану мүмкін емес. Алайда, бұл функциялар AVRCP қолдайтын Bluetooth құрылғыларында қолжетімді.



- Bluetooth құрылғысына қосылу кезінде PIN кодын енгізу сұралса, <0000> санын енгізіңіз.
- Бір уақытта тек бір Bluetooth құрылғысын жұптауға болады.
- Soundbar өшірілген кезде Bluetooth байланысы тоқтатылады.
- Келесі жағдайларда Soundbar жүйесі Bluetooth құрылғысының іздеуін не қосылуын дұрыс орындамауы мүмкін:
    - Soundbar құралының айналасында қатты электрикалық өріс болса.
    - Бірнеше Bluetooth құрылғысы Soundbar құралымен бір уақытта жұпталса.
    - Bluetooth құрылғысы кенеттен өшсе немесе дұрыс жұмыс істемесе.
    - Микротолқынды пештер, сымсыз жергілікті желі адаптерлері, люминесценттік жарықтар және газ плиталары сияқты құрылғылар Bluetooth құрылғысы сияқты бірдей жиілік диапазонын пайдаланатынын ескеріңіз, ол электр кедергісін тудыруы мүмкін.
- Soundbar SBC деректерін (44,1 кГц, 48 кГц) қолдайды.
- Тек A2DP (AV) функциясын қолдайтын Bluetooth құрылғысына қосыңыз.
- Тек HF (Хэндсфри) функциясын қолдайтын Bluetooth құрылғысына Soundbar жүйесін қосу мүмкін емес.
- Құрылғы жұпталғаннан кейін, D.IN/AUX/ HDMI/USB режимінде тізімнен "**[Samsung] Soundbar J-Series**" тармағын таңдау **BT** режиміне автоматты түрде ауысады.

► Bluetooth POWER on (Bluetooth POWER)

Bluetooth Power On функциясы қосулы, ал Soundbar жүйесі өшірулі жағдайда бұрыннан жұптастырылған Bluetooth құрылғысы Soundbar жүйесімен жұптасу әрекетін жасаса, Soundbar жүйесі автоматты түрде іске қосылады.

1. Не болмаса, Soundbar қосылып тұрғанда қашықтан басқару құралындағы **Bluetooth POWER** түймесін басыңыз.
2. ON-Bluetooth POWER (ҚОСУ-Bluetooth ҚУАТЫ) Soundbar дисплейінде көрсетіледі.



- Soundbar құралы Bluetooth құрылғысының жұпталған құрылғыларының тізімінде болса ғана қолжетімді. (Bluetooth құрылғысы мен Soundbar бұрын кем дегенде бір рет жұпталуы қажет.)
- Soundbar құралы Bluetooth құрылғысының ізделген құрылғылар тізімінде Soundbar көрсетілген кезде ғана пайда болады [BT READY].
- TV SoundConnect режимінде Soundbar жүйесін басқа Bluetooth құрылғысына жұптау мүмкін емес.

► Bluetooth құрылғысын Soundbar құралынан ажырату үшін

Bluetooth құрылғысын Soundbar құралынан ажырата аласыз. Нұсқауларды Bluetooth құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

- Soundbar құралы ажыратылады.
- Soundbar Bluetooth құрылғысынан ажыратылғанда, Soundbar алдыңғы дисплейде **BT DISCONNECTED** хабарын көрсетеді.

► Soundbar құралын Bluetooth құрылғысынан ажырату үшін

BT режимінен басқа режимге ауысу немесе Soundbar динамигін өшіру үшін қашықтан басқару құралындағы (**SOURCE**) түймесін немесе өнімнің жоғарғы панеліндегі ( ) түймесін басыңыз.

- Қосылған Bluetooth құрылғысы қосылымды тоқтатпастан бұрын Soundbar құралынан жауапты белгілі бір уақыт күтеді. (Bluetooth құрылғысына байланысты ажырату уақыты әртүрлі болуы мүмкін)



- Bluetooth байланысы режимінде Soundbar пен Bluetooth құрылғысының арасындағы қашықтық 5 м артса, Bluetooth байланысы жоғалады.
- Дайын күйінде 25 минут тұрғаннан кейін Soundbar құралы автоматты түрде өшеді.

Bluetooth туралы қосымша ақпарат

Bluetooth — Bluetooth-үйлесімді құрылғыларға бір бірімен қысқа сымсыз қосылымды пайдаланып оңай қосылуға мүмкіндік беретін технология.

- Bluetooth құрылғысы мынадай жағдайда қолданысқа байланысты шуды немесе дұрыс жұмыс істемеуді тудыруы мүмкін:
  - Егер дене бөлігі Bluetooth құрылғысының немесе Soundbar құралының қабылдау/тасымалдау жүйесімен байланыста болғанда.
  - Қабырға, бұрыш немесе кеңсе бөлгіштері арқылы туындаған кедергілерден электрлік өзгеріске байланысты болады.
  - Медициналық құралды, микротолқынды пешті және сымсыз жергілікті желіні қоса бірдей жиілік диапазонындағы құрылғылардан болған электрлік жиілікке әлсіз болады.
- Soundbar құралын жақын қашықтықты сақтай отырып Bluetooth құрылғысымен жұптастырыңыз.
- Soundbar құралы мен Bluetooth құрылғысы арасындағы қашықтық алыстаған сайын сапа нашарлайды. Егер қашықтық Bluetooth жұмыс ауқымынан асса, қосылым жоғалады.
- Нашар қабылдау сезімталдығы аймақтарында Bluetooth қосылымы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Bluetooth байланысы тек құрылғыға жақын болған кезде істейді. Егер қашықтық осы ауқымнан тыс болса, қосылым автоматты түрде қиылады. Осы ауқым ішінде болғанда да, дыбыс сапасы қабырғалар немесе есіктер сияқты кедергілер арқылы төмендеуі мүмкін.
- Бұл сымсыз құрылғы жұмыс істеу кезінде электрлік кедергілерді тудыруы мүмкін.

SAMSUNG AUDIO REMOTE ҚОЛДАНБАСЫН ПАЙДАЛАНУ


Samsung Audio Remote қолданбасы

Өнімді Samsung Audio Remote қолданбасы арқылы смарт құрылғымен басқару үшін Samsung Audio Remote қолданбасын Google Play store дүкенінен жүктеңіз.



Samsung Audio Remote қолданбасына ашу

Samsung Audio Remote қолданбасын орнатқаннан кейін қолданбадағы нұсқауларды орындаңыз.





- APP функциясы тек Android OS 3.0 немесе одан кейінгі нұсқалар орнатылған Android мобильді телефон құрылғыларын қолдайды.


KAZ

TV SOUNDCONNECT

Теледидар дыбысын TV SoundConnect функциясын қолдайтын Samsung теледидарына жалғанған Soundbar арқылы ести аласыз.

► Теледидарды Soundbar құралына жалғау





1. Теледидарды және Soundbar құралын қосыңыз.
   - Теледидар мәзірін қосыңыз.
   - "Дыбыс" жиекбелгісінде Динамик параметрлеріне жылжыңыз.
   - "Жаңа құрылғы қосу" мәзірін "Қосу" мәніне қойыңыз.
2. **TV** режимін таңдау үшін, негізгі құрылғының үстіңгі панеліндегі ( ) түймесін немесе қашықтан басқару құралындағы (**SOURCE**) түймесін басыңыз.
3. Теледидарда TV SoundConnect функциясын қосуды сұрау хабары пайда болады. Теледидардың экранында "**[Samsung] Soundbar**" жазуы пайда болады.
4. Теледидар мен Soundbar жүйесін теледидардың қашықтан басқару құралы арқылы қосуды аяқтау үшін <**Yes**> (Иә) жауабын таңдаңыз.



- Soundbar режимін теледидардан басқа режимге ауыстыру TV SoundConnect мүмкіндігін автоматты түрде тоқтатады.
- Soundbar жүйесін басқа теледидарға қосу үшін, бұрыннан бар қосылымды ажырату керек.
- Бар теледидардағы байланысты тоқтатып, басқа теледидарға қосу үшін қашықтан басқару құралындағы ►II түймесін 5 секунд бойы басыңыз.



- 2012 жылдан бастап шығарылған кейбір теледидарлар TV SoundConnect (SoundShare) функциясын қолдайды. Бастау алдында теледидарда TV SoundConnect (SoundShare) функциясына қолдаудың бар-жоғын тексеріңіз. (Қосымша мәліметтер алу үшін теледидардың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.)
- Сіздегі Samsung теледидары 2014 жылдан бұрын шығарылған болса, SoundShare setting мәзірін тексеріңіз.

- Теледидар мен Soundbar жүйесінің арасындағы қашықтық 5 метрден асса, қосылыс тұрақты болмауы немесе дыбысы тоқтап-тоқтап ойнауы мүмкін. Осындай жағдай орын алса, теледидар мен Soundbar жүйесін жұмыс ауқымына қайта орнатып, TV SoundConnect қосылымын қайта жасаңыз.



- TV SoundConnect жұмыс ауқымы:
  - Ұсынылған жұптау ауқымы: 50 см ішінде
  - Ұсынылған жұмыс ауқымы: 5 м ішінде
- TV SoundConnect режимінде **Play (Ойнату)/ Pause (Кідірту)**, **Next (Келесі)**, **Prev (Алдыңғы)** түймелері қолданылмайды.

► Bluetooth POWER On функциясын пайдалану

Bluetooth POWER On функциясын Soundbar жүйесін Bluetooth функциясымен үйлесімді теледидарға TV SoundConnect арқылы жалғағаннан кейін қолдануға болады. Bluetooth POWER On функциясы қосулы болған кезде, жалғанған теледидарды қосса немесе өшірсе, Soundbar қуаты да қосылып, өшеді.

1. Теледидарды Soundbar жүйесіне TV SoundConnect функциясы арқылы жалғаңыз.
2. Soundbar жүйесінің қашықтан басқару құралындағы **Bluetooth POWER** түймесін басыңыз. Soundbar жүйесінің дисплейінде "ON/OFF-BLUETOOTH POWER" хабары көрсетіледі.
   - ON-BLUETOOTH POWER : Теледидарды қосқан және өшірген сайын Soundbar жүйесі де қосылады және өшіріледі.
   - OFF-BLUETOOTH POWER : Soundbar жүйесі тек теледидарды өшіргенде ажыратылады.




- Бұл функцияға тек 2013 жылдан бастап шығарылған кейбір Samsung теледидарларында қолдау көрсетіледі.


USB

Soundbar арқылы USB сақтау құрылғысындағы музыка файлдарын ойнатуға болады.

USB Порты



Дисплей



1. USB құрылғысын өнімнің USB портына жалғаңыз.
2. **USB** режимін таңдау үшін, негізгі құрылғының үстіңгі панеліндегі ( ) түймесін немесе қашықтан басқару құралындағы (**SOURCE**) түймесін басыңыз.
3. Дисплей экранында **USB** пайда болады.
   - Soundbar жүйесінің USB құрылғысына қосылуы орындалды.
   - 25 минутқа дейін ешбір USB құрылғысы жалғанбаса, ол автоматты түрде өшеді (Auto Power Off).


► USB құрылғысын қоспас бұрын

Мыналарды ескеріңіз:

- Егер USB құрылғысындағы қалтаның файл атауы 10 таңбадан асса, ол Soundbar дисплейінде көрсетілмейді.
- Өнімнің USB жад құралының арнайы түрлерімен үйлесімді болмауы мүмкін.
- FAT16 және FAT32 файл жүйелеріне қолдау бар.
  - NTFS файлдық жүйесіне қолдау жоқ.
- USB құрылғыларын өнімнің USB портына тікелей жалғаңыз. Әйтпесе, USB сәйкестік ақаулығы туындауы мүмкін.
- Мультикарта құралы арқылы өнімді бірнеше сақтау құрылғыларына жалғамаңыз. Ол дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Сандық камера PTP протоколдарына қолдау көрсетілмейді.
- USB құрылғысы файлдарды жіберіп жатқанда, оны шығарып алмаңыз.
- Коммерциялық веб-тораптағы DRM арқылы қорғалған музыка файлдары (MP3, WMA) ойнатылмайды.
- Сыртқы қатты дискілерге қолдау көрсетілмейді.
- Мобильді құрылғыларға қолдау көрсетілмейді.
- Үйлесімділік тізімі:

Пішім	Кодек	Дискретизация жиілігі	Деректер тасымалдау жылдамдығы
*.mp3	MPEG 1 Layer2	16KHz ~ 48KHz	80kbps~320kbps
	MPEG 1 Layer3		
	MPEG 2 Layer3		
	MPEG 2.5 Layer3		
*.wma	Wave_Format_ MSAudio1		56kbps~128kbps
	Wave_Format_ MSAudio2		
*.aac	AAC	16KHz ~ 96KHz	48kbps~320kbps
	AAC-LC		128kbps~192kbps
	HE-AAC	24KHz ~ 96KHz	48kbps~64kbps
*.wav	-	16KHz ~ 48KHz	3000 кбит/с
*.ogg	OGG 1.1.0		50kbps~500kbps
*.flac	FLAC 1.1.0, FLAC 1.2.1	16KHz ~ 96KHz	3000 кбит/с

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ЖАҢАРТУ



Samsung болашақта Soundbar жүйесінің ішкі бағдарламалық құралдарына жаңартулар ұсынуы мүмкін.

Жаңарту ұсынылса, ішкі бағдарламалық құралдарды Soundbar жүйесіндегі USB портына ішкі бағдарламалық құрал жаңартуы сақталған USB құрылғысын жалғау арқылы жаңартуға болады.

Бірнеше жаңарту файлы бар болса, оларды USB құрылғысына бір-бірлеп жүктеп, ішкі бағдарламалық құралдарды жаңарту үшін бір уақытта бір файлдан пайдалану керек екенін ескеріңіз.

Жаңартылған файлдарды жүктеп алу туралы ақпарат алу үшін, Samsung.com сайтына кіріңіз немесе Samsung байланыс орталығына хабарласыңыз.



- Өнімнің DUAL BOOT (ҚОСАРЛЫ ЖҮКТЕУ) функциясы бар, ал аппараттық құрал жаңартылмаса, оны қайтадан жаңартуға болады.



- Микробағдарлама жаңартуы бар USB құрылғысын негізгі құрылғыдағы USB портына кіргізіңіз.
- USB сақтау құрылғысында Soundbar қолдайтын дыбыс файлдары сақтаулы болса, ішкі бағдарламалық құралдарды жаңарту дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Жаңартулар қолданылып жатқанда қуатты ажыратпаңыз немесе USB құрылғысын шығарып алмаңыз. Ішкі бағдарламалық құралдарды жаңарту аяқталғаннан кейін, негізгі құрылғы автоматты түрде өшеді.
- Бастапқы қалпына келтіргеннен кейін, барлық параметрлердің зауыттық әдепкі параметрлері қалпына келеді. Жаңартудан кейін оңай қалпына келтіру үшін, параметрлерді жазып алуды ұсынамыз. Ішкі бағдарламалық құралдар жаңартылғанда, сабвуфер байланысы да бастапқы қалпына келетінін ескеріңіз. Бастапқы қалпына келтіргеннен кейін сабвуфермен байланыс автоматты түрде орнатылмаса, 13-бетті қараңыз. Ішкі бағдарламалық құралдар жаңартылмаса, USB құрылғысын FAT16 етіп пішімдеп, әрекетті қайталау ұсынылады.
- Бағдарламалық құралды жаңарту аяқталғаннан кейін, өнімді өшіріңіз, одан кейін қашықтан басқару құралындағы (▶II) түймесін 5 секундтан артық басып тұрыңыз. Дисплейде "**INIT**" пайда болады және құрылғы өшеді. Жаңарту аяқталды.
- NTFS пішіміндегі USB дискін пішімдемеңіз. Soundbar жүйесі NTFS файл жүйесіне қолдау көрсетпейді.
- Өндірушіге қарай, USB құрылғысына қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Қызмет көрсету орталығына хабарласпас бұрын, мыналарды тексеріңіз.

Құрал қосылмайды.	
• Қуат сымы розеткаға қосылған ба?	→ Қуат сымын розеткаға қосыңыз.

Түйме басылған кезде функция жүзеге аспайды.	
• Ауа ағымында статикалық электр заряды бар ма?	→ Қуатты өшіріп қайтадан қосып көріңіз.

Дыбыс шықпайды.	
• Дыбысты өшіру функциясы қосулы емес пе?	→ Mute (Дыбысты өшіру) функциясынан бас тарту үшін, түймені қайтадан басыңыз.
• Дыбыс ең төменгі деңгейге қосылмаған ба?	→ Дыбыс деңгейін жоғарылатыңыз.

Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді.	
• Батареялардың заряды бітті ме?	→ Жаңа батареяға ауыстырыңыз.
• Қашықтан басқару құралы мен негі¬Щ¬Фі құрылғы арасындағы қашықтық тым алшақ емес пе?	→ Құрылғыға жақынырақ жылжыңыз.

TV SoundConnect (Теледидармен жұптау) сәтсіз аяқталды.	
• Теледидар TV SoundConnect үшін қолдау көрсетеді ме?	→ TV SoundConnect функциясына 2012 жылдан кейін шығарылған Samsung теледидар үлгілері қолдау көрсетеді. Теледидар бұл функцияға қолдау көрсететіндігін тексеріңіз.
• Теледидар микробағдарламасының нұсқасы соңғы ма?	→ Теледидарды соңғы микробағдарламаға жаңартыңыз.
• Қосу кезінде қате орын ала ма?	→ Samsung байланыс орталығына хабарласыңыз.
• TV РЕЖИМІН қалпына келтіріп, әрекетті қайталаңыз.	→ TV SoundConnect байланысын бастапқы қалпына келтіру үшін ►II түймесін 5 секунд бойы басып тұрыңыз.

Сабвуфердегі қызыл ЖШД жыпылықтап, сабвуферден дыбыс шықпайды.	
• Сабвуфер өнімнің негізгі корпусына жалғанбаған болуы мүмкін.	→ Сабвуферді қайтадан жалғап көріңіз. (13-бетті қараңыз)

Сабвуфер айтарлықтай шулайды және дірілдейді.	
• Сабвуфердің дірілін дұрыстап көріңіз.	→ Мәнін реттеу (SW-12 және SW+6 аралығында) үшін, қашықтан басқару құралындағы **WOOFER** түймесін басыңыз.

ҚОСЫМША

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАР

Үлгі аты	HW-J450

ЖАЛПЫ	Қуаттың кіріс	Негізгі Құрылғы	24В ⎓
		Сабвуфер	AC110-240В~50/60Гц
	Күту режимінде тұрғанда энергияны тұтыну		0,45 Вт
	Энергияны тұтыну	Негізгі Құрылғы	25 Вт
		Сабвуфер	28 Вт
	USB		5 В / 0,5 А
	Салмағы	Негізгі Құрылғы	1,6 кг
		Сабвуфер	4,6 кг
	Өлшемдері (ені x биіктігі x қалыңдығы)	Негізгі Құрылғы	957,5 x 59,5 x 66,5 мм
		Сабвуфер	179 x 361 x 299.5 мм
	Жұмыс Істеу Температурасы		+5 °C пен +35 °C арасында
	Жұмыс Істеу Ылғалдылығы		10 % пен 75 % арасында
КҮШЕЙТКІШ	Номиналды Шығыс Қуаты	Негізгі Құрылғы	80Вт/арна, 3 онм, Гормоник коэффициенті = 10%, 1кГц
		Сабвуфер	140Вт, 3 онм, Гормоник коэффициенті = 10%, 70Гц
	Сигнал/шу қатынасы (аналогтық кіріс)		65 дБ
	Тербелістер (1кГц)		65 дБ

* Сигнал/шу қатынасы, кедергі, қашықтық және ең төменгі сезімталдық AES (Дыбыстық техника инженерлері қоғамы) нұсқаулары бойынша жүргізілген өлшемге негізделген.

* Номиналды техникалық сипаттар
- Samsung Electronics Co., Ltd компаниясы техникалық сипаттарды ескертусіз өзгертуге құқылы.
- Салмағы мен өлшемдері шамамен алынған.

※ **Ашық көз лицензиясы туралы ескерту**
- Осы өнімде пайдаланылған Ашық көздер туралы қосымша ақпарат алу үшін веб-торапқа кіріңіз: http://opensource.samsung.com
- Ашық бастапқы кодқа байланысты сұрақтар мен өтініштеріңізді электрондық пошта (oss.request@samsung.com) арқылы Samsung компаниясына жіберіңіз.



- SAMSUNG ELECTRONICS CENTRAL EURASIA” (САМСУНГ ЭЛЕКТРОНИКС ЦЕНТРАЛЬНАЯ ЕВРАЗИЯ) ЖШС ТОО “SAMSUNG ELECTRONICS CENTRAL EURASIA” (САМСУНГ ЭЛЕКТРОНИКС ЦЕНТРАЛЬНАЯ ЕВРАЗИЯ) 050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әл Фараби даңғылы, 36, Блок Б, 3, 4 қабат. 050059, Республика Казахстан, город Алматы, пр. Аль Фараби, д. 36, Блок Б, 3, 4 этажи.

Бұл өнім «Samsung Electronics Co., ltd» толық өндірістік бақылауында өндірілген.
Өндіруші атауы (үлгісіне және көрсетілген заттаңбасына байланысты), өндіріс мекенжайы:

1. Самсунг Электроникс Хуйжоу Co.,Ltd.
   № 256, Чжункай алты жол, Ченжань көшесі, Чжункай жоғары технологияны дамыту аймағы, Хуэйчжоу қаласы, Гуандун ауданы, Қытай
2. P.T. Самсунг Электроникс Индонезия Co.
   Синаранг Jl Өнеркәсіп алаңы, Джабабека Рая Блок F 29-33 Сикаранг, Бекаси 17530, Индонезия



SAMSUNG КОМПАНИЯСЫМЕН ДҮНИЕЖҮЗІ БОЙЫНША хабарласыңыз

Samsung өнімдеріне қатысты кез келген сауалдарыңыз немесе пікірлеріңіз болса, SAMSUNG тұтынушыны қолдау орталығына хабарласыңыз.

Аумақ	Хабарласу орталығы ☎	Веб-торап
RUSSIA	8-800-555-55-55	www.samsung.com/ru/support
GEORGIA	0-800-555-555	www.samsung.com/support
ARMENIA	0-800-05-555	www.samsung.com/support
AZERBAIJAN	088-55-55-555	www.samsung.com/support
KAZAKHSTAN	8-10-800-500-55-500(GSM: 7799, VIP care 7700)	www.samsung.com/support
UZBEKISTAN	8-10-800-500-55-500	www.samsung.com/support
KYRGYZSTAN	8-10-800-500-55-500	www.samsung.com/kz_ru/support
TADJIKISTAN	8-10-800-500-55-500	www.samsung.com/support
Mongolia	'7-800-555-55-55	www.samsung.com/support
UKRAINE	0-800-502-000	www.samsung.com/ua/support (Ukrainian) www.samsung.com/ua_ru/support (Russian)
BELARUS	810-800-500-55-500	www.samsung.com/support
MOLDOVA	0-800-614-40	www.samsung.com/support



[Осы өнімдегі батареяларды дұрыс тастау]

(Бөлек жинау жүйелері бар елдерде қол жетімді)

Батареяда, нұсқаулықта немесе қаптамада көрсетілген бұл белгі осы өнімдегі батареялар қызметі аяқталғаннан кейін өзге үй қалдықтарымен бірге тасталмауы тиіс екенін көрсетеді. Белгі тұрса, Hg, Cd немесе Pb химиялық таңбалары батареядағы сынап, кадмий немесе қорғасын мөлшері 2006/66 ЕО директивасында көрсетілген деңгейлерден жоғары екенін білдіреді. Батареяларды тиісті түрде тастамаса, бұл заттар адам денсаулығына немесе қоршаған ортаға зардап тигізуі мүмкін.

Табиғи ресурстарды қорғау және материалдардың қайта пайдалануын ынталандыру үшін, батареяларды өзге қалдықтардан тыс ұстап, жергілікті батареяларды қайтару жүйесі арқылы қайта өңдеңіз.



Осы мониторды дұрыс тастау
(қоқыс электр және электрондық жабдықтар)

(Бөлек жинау жүйелері бар елдерде қол жетімді)

Монитордағы, керек-жарақтардағы немесе әдебиеттегі бұл белгі монитор және оның электрондық керек-жарақтарын (мысалы, зарядтағыш, гарнитура, USB кабелі) жұмыс мерзімінің соңында басқа үй қоқысымен бірге тастамау керек екенін білдіреді. Басқарылмайтын қоқысты тастаудан қоршаған ортаға немесе адам денсаулығына мүмкін зиянды болдырмау үшін материалдық ресурстардың қоршаған ортаға зиянсыз қайта пайдаланылуын ынталандыру үшін бұл заттарды басқа қоқыс түрлерінен бөліңіз және жауапкершілікпен тастаңыз.

Үй пайдаланушылары осы заттарды қоршаған ортаға қауіпсіз қайта пайдалану мақсатында қайда және қалай апара алатыны туралы мәліметтер алу үшін осы өнімді сатып алған сатушыға немесе жергілікті мекемеге хабарласу керек.

Өнеркәсіптік тұтынушылар жеткізушіге хабарласуы және сатып алу келісімінің шарттарын тексеруі керек. Бұл мониторды және оның элеткрондық керек-жарақтарын тастау кезінде басқа пайдаланылған орамның қалдықтарымен араластырмау керек.





HW-J450

Посібник користувача

Wireless Audio - Soundbar

(Бездротова акустична система)

Уявіть можливості

Дякуємо, що придбали цей продукт компанії Samsung.
Щоб отримати повний комплект послуг, зареєструйте продукт за адресою:
www.samsung.com/register

ОСОБЛИВОСТІ

TV SoundConnect

Функція TV SoundConnect дає змогу транслювати звук телевізора за допомогою акустичної системи Soundbar і керувати ним. Для цього використовується підключення Bluetooth.

HDMI

HDMI одночасно передає відео- й аудіосигнали та забезпечує чіткіше зображення.
Пристрій також підтримує функцію ARC, яка дає змогу відтворювати звук із телевізора за допомогою акустичної системи Soundbar (використовується кабель HDMI). Функція ARC доступна лише в тому випадку, якщо пристрій підключено до сумісного телевізора.

ОБ’ЄМНЕ ЗВУЧАННЯ

Функції об’ємного звучання додають глибини й об’ємності під час відтворення звуку.

Бездротовий сабвуфер

У бездротових модулях Samsung більше не використовуються кабелі, які з’єднують головний пристрій і сабвуфер. Натомість сабвуфер підключено до компактного бездротового модуля, який сполучається з головним пристроєм.

Особливі звукові ефекти

Залежно від типу вмісту можна використовувати різні звукові ефекти: СТАНДАРТ (оригінальне звучання)/ МУЗИКА/ГОЛОС/СПОРТ/КІНО/НІЧНИЙ РЕЖИМ.

Універсальний пульт дистанційного керування

За допомогою пульта дистанційного керування з комплекту постачання можна керувати різноманітними функціями.

Підтримка USB-хосту

Завдяки функції USB HOST акустичної системи Soundbar для відтворення файлів можна підключати зовнішні запам’ятовуючі пристрої USB, наприклад MP3-плеєри, флеш-пам’ять USB тощо.

Функція Bluetooth

Підключіть пристрій Bluetooth до акустичної системи Soundbar і насолоджуйтеся високоякісним стереозвуком, а дроти залиште в минулому!

Додаток Samsung Audio Remote

Щоб керувати звуковою панеллю за допомогою свого смартфона чи планшета через додаток Samsung Audio Remote, завантажте його з магазину Google Play.

ЛІЦЕНЗІЯ



Виготовлено згідно з ліцензією DolbyLaboratories. Dolby та подвійний символ D є торговельними марками компанії DolbyLaboratories.



Патенти DTS наведено на сайті http://patents.dts.com. Виготовлено за ліцензією від компанії DTS Licensing Limited. DTS і відповідний символ, & а також їх комбінація є зареєстрованими торговельними марками. DTS 2.0 Channel є торговельною маркою компанії DTS, Inc. © DTS, Inc. Усі права захищено.

HDMI


HDMI, High-Definition Multimedia Interface (інтерфейс мультимедіа високої чіткості) і логотип HDMI є торговими марками або зареєстрованими торговими марками HDMI Licensing LLC в США й інших країнах.

UKR

ІНФОРМАЦІЯ ЩОДО БЕЗПЕЧНОГО ВИКОРИСТАННЯ

ПОПЕРЕДЖЕННЯ СТОСОВНО БЕЗПЕКИ ЕКСПЛУАТАЦІЇ

ЩОБ ЗМЕНШИТИ РИЗИК УРАЖЕННЯ ЕЛЕКТРИЧНИМ СТРУМОМ, НЕ ЗНІМАЙТЕ КРИШКУ (АБО ЗАДНЮ ПАНЕЛЬ).
ПРОДУКТ НЕ МІСТИТЬ ДЕТАЛЕЙ, ЩО ОБСЛУГОВУЮТЬСЯ КОРИСТУВАЧЕМ. ЯКЩО ПОТРІБНО ПРОВЕСТИ ТЕХНІЧНЕ ОБСЛУГОВУВАННЯ, ЗВЕРНІТЬСЯ ДО КВАЛІФІКОВАНИХ ФАХІВЦІВ.

